

Г.М. Конаева\* , Г.Ж. Нұрышева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: gauhar0809@mail.ru

## ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІНІҢ ФИЛОСОФИЯСЫ: ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС ДҮНИЕТАНЫМЫ АЯСЫНДА

Бұл мақалада орта ғасырдағы қала мәдениеті туралы пайымдаулардың философиялық қыры қарастырылады. Батыс Еуропалық орта ғасыр мен Шығыстағы, оның ішінде Үнді мен араб-мұсылман әлемі мәдениеті аясындағы қаланың қоғамдық өмірдегі орны мен халықтың тұрмыс тіршілігіндегі негізгі қызметі сарапталады. Орта ғасырдағы араб-мұсылмандық ренессанс кезеңіндегі қала туралы көзқарастарды талдай келе, оның ерекшеліктері: базарлардың қызметі, оның сауда-экономикалық қатынастар мен денсаулық сақтау орталығы болумен қатар ақпарат алмасу ошағы болуы жөнінде тың философиялық қорытындылар алынады. Сонымен қатар қаланың рухани орталықтарға айналып, сол дәуір үшін ғылым мен білім дамуы, прогрестің негізі болғандығы, қалалар құрылысындағы эстетикалық талғамдардың көрініс табуы т.б. анықталды. Орта ғасырдағы Үнді мәдениетіндегі өзіндік ерекшеліктер: толеранттылық, қасталық бөлінушілік, интроверттілік, мұралардың сабақтастығы т.б. көрсетілді. А. Августиннің «Құдай қаласы» атты еңбегінің философиялық қыры сарапталды. Онда Құдай қаласы моделінің синкретті метаморфизмінің көрініс табуы, «Құдай билеген әлемдегі адам еркі» деп атауға болатын эпопея, рыцарлық өмір салтының көрініс табуы т.б. сипатталды. Орта ғасырдағы қала мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері: тарихи-мәдени сабақтастықты сақтау, өздерін әлемде еркін сезіну, керуен жолдарының дамудың негізіне айналуы, қала билеушілері беделінің артуы, отырықшылық пен урбанизация, адам мен табиғат арасындағы үйлесімділіктің сақталуы т.б. ұсынылды.

**Түйін сөздер:** Орта ғасыр, қала, араб-мұсылман шығысы, батыс Еуропа, қала мәдениеті, урбанизация.

G.M. Konayeva\*, G.Zh. Nurysheva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: gauhar0809@mail.ru

### Philosophy of urban culture in the middle ages: in the eastern and west worldview context

This article discusses the philosophical aspects of the judgments of medieval urban culture. The main activities of the Western European Middle Ages and the East, including countries in the field of culture in the Indian and Arab Muslim world, analyzed the main activities of public life and the lifestyle of the population. Analyzing the views on the city of Arab-Muslim period of the Renaissance, the philosophical foundations lies in their singularities: the Bazaar is the Center for Exchange Information, as well as the Center for Health and Economic Relations. In addition, the city became spiritual centers and the development of science and education for the era, the basis of progress, the reflection of the aesthetic tastes in the cities of I.T.d. The features of Indian culture of the Middle Ages were shown: tolerance, distributed caste, introvertism, continuity of inheritance, etc. Philosophical aspects are analyzed by the work of Augustine «The City of God». It reflects the syncretic metamorphism of the city model of the city of God, the reflection of the epic lifestyle, which can be called the "human will of God", the knight's lifestyle I.T.P. Features of the city culture of the Middle Ages: preservation of historical and cultural continuity, the rage of the caravan path, urbanization, prestige of the city rulers, harmony between man and nature, etc...

**Key words:** Middle Ages, city, Arab-Muslim East, Western Europe, urban culture, urbanization.

Г.М. Конаева\*, Г.Ж. Нұрышева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы  
\*e-mail: gauhar0809@mail.ru

### **Философия городской культуры в средние века: в восточном и западном мировоззренческом контексте**

В данной статье рассматриваются философские аспекты взглядов на городскую культуру в средние века. Анализируются место города в общественной жизни и основная функция жизни народа в контексте культуры западноевропейского Средневековья и Востока, включая индийский и арабо-мусульманский миры. Анализируя представления о городе в период арабо-мусульманского ренессанса в средние века, делаются новые философские выводы о его особенностях: функции рынков, его бытия центром торгово-экономических отношений и здравоохранения, а также центром обмена информацией. В то же время город стал духовным центром, развитием науки и образования для той эпохи, основой прогресса, проявлением эстетических вкусов в строительстве городов и т. д. был определен. Показаны уникальные черты индийской культуры Средневековья: толерантность, кастовое разделение, интроверсия, преемственность наследия и др. А. Проанализированы философские аспекты произведения Августина «О граде Божьем». Показана синкретическая метаморфизация модели «Град Божий», эпопеи, которую можно назвать «человеческой волей в мире, которым правит Бог», рыцарского образа жизни и т. д. Представлены уникальные черты городской культуры в средние века: сохранение исторической и культурной преемственности, ощущение свободы в мире, становление караванных путей основой развития, повышение авторитета городских правителей, расселение и урбанизация, сохранение гармонии между человеком и природа и др.

**Ключевые слова:** Средневековье, город, арабо-мусульманский Восток, Западная Европа, городская культура, урбанизация.

#### **Кіріспе**

Адамзат дамуының кезеңдерінің қалыптасып қалған үрдістеріне орай, оны ғылым дамуы эволюциясында да аналогиялық түрде қолдану жалпы әдіснамалық бағдарлардың бірі. Соның бірі – орта ғасыр деп аталғанмен, оның аймақ бойынша бөлінуін де ескеріп отыру қажет: Батыс Еуропалық, Араб-мұсылмандық Шығыс, Орта Азиялық немесе көшпелілер мәдениеті, Үнді мен Қытай. Осыған байланысты, біз де алдымен, Батыс Еуропалық орта ғасырлардағы қала мәдениеті мен ол туралы пайымдаулардың философиялық негіздеріне сараптамалар жасаймыз.

Орта ғасырлық өркениеттің жалпы ерекшеліктері: христиандық теологияға негізделген ғылым мен мәдениеттің дамуы, адамзат эволюциясындағы тарихи шиеленістер мен кикілжіңдер және өзіндік тұрақтылық, мемлекеттік құрылымдардың пайда болуы мен өзіндік саяси жүйедегі феодализмнің константтылығы, өркениеттің эволюциялық жолмен жылжуы т.б. және қауымдасып, шоғырланып тіршілік етудің экзистенциясы – қала мәдениеті. Қала тарихи өркениет үдерісіне сай шағын, орташа, іргелі қалалар градациясымен, шапқыншылық пен жорық заманына сай бейімделуімен, халықтардың дифференциациялануы мен интегра-

циялануына қарай этнизациялануымен, адам санының өсуіне байланысты урбанизациялануы мен санының арта түсуімен, өнер мен материалдық мәдениеттің жаңарған үлгілері бойынша көркемделуімен, бірте-бірте қалалық танымның сол дәуір мен заман талабының рухани өміріне сай әлеуметтендірілуімен ерекшеленіп түсті.

Жоғарыда көрсетілгендей, Шығыс пен Батыстың қалаларында қазірге дейін осы аймақтық бөліністің тек өмір сүру стилі ғана емес, дүниетанымындағы айырмашылықтар да сол көне дәуірлерден бері жалғасқан өзіндік жұмсартылған дихотомиялар ретінде сақталып келеді. Аймақтардың өзіндік ерекшеліктері туралы пікірталастар философия тарихында, әсіресе, XIX-XX ғасырларда өрби түсті. Оның кейбір тұстарына шолу жасап, қалаларына қатысты қырларын таразылап, жалпы айырмашылықтарды туындатуымызға болады.

#### **Тақырып таңдаудың дәйектелуі. Мақсат пен міндеттері**

Тақырып негізінен алғанда, «Әл-Фарабидің қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты туындының қазіргі Қазақстан үшін маңызын ашып көрсетуді негізге алғандықтан, алдымен, жалпы қала мен қоғам туралы көне дәуірлерден бастап, қазіргі заманға дейінгі

түсініктер мен идеяларды саралау алғышарт болып табылады. Сондықтан, бұл мақалада орта ғасырдағы қала мәдениеті және оны батыстық-шығыстық дүниетаным бойынша зерделеудің қажеттілігінен туындаған тақырып проблемалық алаңға шығарылды. Ол кездегі қалаларды мәдениеттанулық, тарихи, этнографиялық т.б. бағдарларда талдаулар кездескенмен, философиялық негіздемелерін де ұсыну біз қозғап отырған басты тақырыптардың бірінен саналады.

Мақалада қойылған мақсат: орта ғасырдағы қала мәдениетінің философиялық қырларын зерделеу мен әлемдік өркениет аясындағы қалалардың өзіндік орны мен мәнін айғақтау.

Соған сай мынадай міндеттер қойылды:

– Батыс пен шығыс ділінің өзіндік ерекшеліктерін, тәлтамалылығын, бір-біріне ұқсамайтын танымын зерделеу мен өркениет белгілерінің айырмашылықтарын мәдениет философиясы тұрғысынан саралау;

– орта ғасырдағы араб-мұсылмандық ренессанс дәуіріндегі қала мәдениетінің материалдық және рухани саладағы көріністерін эстетикалық тұрғыдан пайымдау және күмбездер, базарлар, кітапхана тәрізді рухани орталықтарды айрықшалап талдау;

– орта ғасырдағы Үнді мәдениетіндегі қалалардың тарихи сабақтасқан үрдістері мен беталыстарын, өзіндік ерекшеліктерін зерделеу, қала халқының тұрмыс салтын экзистенциалдық тұрғыдан бағамдау;

– Батыс Еуропадағы орта ғасырдағы кезеңнің жалпылама ахуалына шолу жасай отырып, христиандық теологияның материалдық көріністеріне дінтанулық-мәдениеттанулық талдаулар жасау;

– А. Августиннің «Құдай қаласы» атты еңбегіне сараптама жасап, ондағы философиялық идеялардың мағынасын ашып беру.

### **Зерттеу әдіснамасы**

Орта ғасырдағы қала мәдениетінің дамуы туралы ойтоғамдар жүйесін Батыс пен Шығыс бойынша зерделеуде осы аймақтардың ділдік айырмашылықтары, дүниетанымдық бағдарлары нысанаға алынды. Шығыс әлеміндегі араб-мұсылмандық өркениет пен үнділік мәдениет және батыс еуропалық аймақтардағы қаланың құрылымданудың мәдениеттанулық, әлеуметтанулық парадигмалары басшылыққа алынып, интегративті әдіснама жолбасшылық роль атқарды. Осы екі аймақты қатар қою арқылы

олардың өзіндік ерекшеліктерін туындату барысында компаративистік тәсіл пайдаланылды, қалаға берілген ойшылдардың көзқарастары мен мәтіндерге философиялық герменевтикалық талдаулар жасалды, контекстталдау және эпистолярлық секілді ғылыми әдістер мәтіннің контекстіне орай қолданылды.

### **Батыс пен Шығыстың ділдік айырмашылықтары**

Зерттеушілердің пікірлеріне сүйенсек, «Фон Ринтеленнің айтуынша, 1) Батыс пен Шығыс өздерінің мәдениетіне және басқа елдің мәдениетіне сыйластықпен қарауы тиіс; 2) Батыс пен Шығыстың жақындығы тек философияда ғана мүмкін болады, өйткені, философияда белгілі бір елдің мәдениеті айқын көрініс табады; 3) Батыс пен Шығыстағы идеялар айырбасы әр түрлі мәдениеттің құндылықтарымен байланысты; 4) әр түрлі құндылықтарды ескере отырып, әр түрлі мәдениеттер үшін ортақ белгі табуға мүмкін болады; 5) құндылықтарды тану арқылы ғана өзара түсіністік пайда болады және адам баласы мұнда өз-өзін толық мәнде аша алады. Шығыстың құндылықтары рухы жағынан Батыстың құндылықтарына ұқсас келеді. Олардың уақыт пен этикалықтан тыс сипаты бір, Батыстың кейбір ойшылдары Шығыстың эстетикалық құндылықтарын ескере отырып, Батыс пен Шығысты жақындастырғысы келеді (Т. Манро), басқа ойшылдар оның спиритуалистік элементтерін ескере отырып, Батыс пен Шығысты ажыратқысы келеді (А. Пайпе), енді біреулері діни-мистикалық элементтерді ескере отырып, Батыс пен Шығысты үндестіргісі келеді (К. Ясперс, Й. Такеуши, Дж. Полителла, С.К. Саксен)» [1,8б.; 2, 23 б.]

Жалпы алғанда, Батыс пен Шығыс қатаң верификацияларға, дихотомияларға сүйенілмейді, ол жалпылама таным баспалдақтарының жүйесі мен логоцентристік параметрлердің жіктелу мен дифференциациялануына негізделген, танымға лайықталған көрініс қана.

Т. Ғабитов оған көшпелілер мәдениетін кірістіріп Қазақи типтің көріністерін қамтып өтеді. Шығыс: Микроскосм, Виртуальдық, Интросубъект, Біртұтас дүние, Психология, Мистика, Тұйық қоғам, Өзін тану, Дін, Тағдыр, Идеализм, Поэзия, Егіншілік болса; Батыс: Макроскосм, Рационалдық, Субъект-Объект, Өзгермелік дүние, Технология, Ғылым, Ашық қоғам, Табиғатты тану, Философия, Белсенділік, Материализм, Проза, Урбанистік; Қазақ: Жарық

дүние, Адамгершілік, Субъект-Объект, Адамдандырылатын әлем, Экология, Этика, Сұхбаттастық қоғам, Адам болу, Дәстүр, Қарым-қатынас, Синкретизм, Эпос, Қауымдық [3,338 б.].

### **Араб-мұсылмандық мәдениет аясындағы қала мәдениетінің философиясы**

Осы аталған типологиялық белгілер қала мәдениетінен де изоморфтанған түрде көрініс тауып отырады. Араб-мұсылмандық орта ғасырдағы Т.Х. Стародубтың қала туралы пікірлерінің жалпылама сипаттамасына шолу жасасақ, оның тарихи-әлеуметтік, мәдени-саяси жақтарын былайша ашып көрсетеді: «Машраб пен Мағрип қалаларында қала халқы біртекті болмады: көпестер мен қолөнершілер, мұсылмандар мен христиандар, арабтар мен еврейлер тек көршілес үйлерде ғана тұрған жоқ, жақын бөлмелер мен пәтерлерде де бірге тұрды. Бұндай космополитизмнің айқын көрінісі болған қалаларға: Иерусалим, Дамаск, Каир, Стамбул, Бағдад жатқызылады, дегенмен, оларды классикалық ислам үлгісінің қалалары ретінде таниды. Палестина, Ливан, Сирияда XI-XII ғасырларда осы аталған діндердің архитектуралық ғимараттары мен табыну орындары да болған. Бұдан мұсылмандық қалалардың жабық, бір ғана парадигмаға меодельденген еместігін көруімізге болады» [4, 170 б.]. О.А. Грабар да осы қалалар туралы пайымдауларында тек таза исламдық сарайлар мен таза исламдық формадағы қалалар болмағандығын атап өтеді [5,179 б.].

Араб басқыншылығы кезінде Халифатта антикалық, Византиялық мұраларды да қаланың әлеуметтік-әкімшілік құрылыстарында қолданғандығын, шіркеу мен тұрғын үйлерді келісімдер бойынша пайдаланғандығын, Дамаскіде Иоанн Крестителдің шіркеуінің бөлігін иеленіп, бірнеше жылдар бойы христиандық салттардың қатар орындалғандығын және исламдық архитектуралық мәнерлермен қатар олардың христиандық нақыштар мен бейнелеудегі безендірулерді пайдаланғандығын атап өтушілер [6,26-35 бб.] және аумақтарын кеңейту мақсатында Рибаттардың салынғандығын, онда аскет-әскерлер, сенім үшін күресушілер – марабуттар болғандығына тоқталады.

Бірақ ол қаланың құрылымдануының нағыз орталығына айнала бермеді, үлкен қалалардан оқшауланып, «құм қақпасы» сияқты болып та сақталып қала берді [5,32 б.]. Рибаттарда периметралды композицияда үлкен залдар әртүрлі

мақсаттарда пайдаланылды. И.Б. Михайлова Орта ғасырлық мұсылмандық қалалар мен Бағдат турасында өз ойын былайша тиянақтайды. VIII-VIII ғасырларда Иранда жаңа қалалардың пайда болуына орай, мұсылмандардың табыну орындары ретінде ірі құрылыстар пайда болды. Басрада Дар аль-Имарада резиденция тәріздес орталықтар салынған. Ал Аббасидтер кезеңінде қала құрылысы мен қала-резиденцияларды көркейту беталысы қуатты династияның айбарлы көріністеріне айналды. Биліктің рәмізі болған қала идеясы О.А. Грабардың көзқарасы бойынша 762-766 жылдары шарықтау шегіне жетті. Халифтің негізін салушы аль-Мансур кезінде Бағдад Әлем қаласы (Мадина ас-Салам) аталды. Ол барлық әлеуметтік және этникалық топтар өмір сүретін, империялық басқару байқалмайтын мүлтіксіз орталық ретінде құрылды. Мадина ас-Салам қос қала сияқты шеңбер формасында, қамалдары көне дәуірдегі бекітілген қорғандар сияқты болған. Сауда-қолөнер мен тұрғын үйлер тең секторларға бөлінген, Дар аль-Хилафтің сарай кешені орналасқан. Ол квадрат пішіндес симметриялы құрылыс болған. Аттылы адам орналасқан күмбез қала және империя орталығына айналған, өктем қуатты империяның монументальді көрінісі ретінде саналған. Иерусалимде Харам аш-Шариф аймағында Куббат ас-Сахра күмбезі болған. Ол исламның басымдылығы мен иудейлік-христиандықты жеңудің рәмізі ретінде құрылған. Мәдинадағы пайғамбар мешіті намазға шақыратын төрт бағанамен құрастырылып, детерминант ретінде ислам үлгісін берген. Ол құбыла мен михрабты жақты бағыттайтын сакральді мағынаны де иеленген [7,153 б.].

Бағдад 10 жыл ішінде мүлтіксіз формада өсе түсті, жүз жылдықтағы бірнеше қалалық орталықтары бар мегаполиске айналды. Аббасидтік Самарра мен Джаафария, тулундық аль-Катаи үлкен шиыршықты мешіт ғимараттары арқылы исламдықтың рәмізін, империяның негізін қалаушылардың қауқарын білдіріп тұрды. Сарайлар қала сияқты монументальді мәнерде зәулім болып тұрғызылды. Аббасид аль-Мутаваккил айтуынша ол өзінің қаласын салдырып, онда мекен еткендігі үшін өзін шынайы патша ретінде сезінген.

Дар аль-ислам тұрғын үйлермен қатар больница-маристандар, моншалар мен жабық базарлар орналасқан, базарлар мұсылмандық қалаларда «өмірді қамтамасыз ету жүйесі» қызметін атқарған.

О.Г. Большаков айтқандай: «Базар – Жоғары билеушінің жайылған дастарханы, оған келген адам өзінің үлесін алады» [6, 291 б.]. Базар қаланың қан тамырлары іспеттес болған. Керуен сарайлар, малды ұстайтын орындар, тауар сақтайтын қоймалар т.б. кез-келген ислам қалаларының атрибуттарына айналды.

Г.А. Пугаченкова сипаттап бергендей, XV-XVII ғасырлардағы Темір, Сефевидтер, Тимуридтер, Осман мемлекеттерінің пайда болуы қалаларға айтарлықтай өзгерістер алып келді: жаңа қалалардың пайда болуы, ғасырдан ғасырға жалғасқан қалалардағы радикалды реконструкциялары, орталық қалалар ансамбльдері, империялық ұлылық пен пафостың күдайға емес, сол империяны басқаратын сұлтандарға арналуы халифатқа қарағанда зайырлы қоғам үлгісіне ауысуының белгілері, кең алқапты алаңдар мен су қоймаларымен жабдықталған шалғынды жерлері, қоғамдық субұрқақтары, бау-бақшалармен көмкерілген монументальді, декорациялы фасадтары, парк аллеялары, шерулерге, ресми шараларға, салтанатты рәсімдерге арналған алаңқайлары т.б. Осман империясы тұсында сарайлар емес, мешіттер басты роль атқарды. Бұндай өзгерістер мемлекеттендірудің нағыз көрінісіне айналды. Басқа дін өкілдеріне кіруге, тамашалауға тиым салынатын қасиетті орындар: Сауд Арабиясындағы Мекке мен Медина, Мароккодағы Мұлай Идрис, Ирактағы Кербела мен Неджеф т.б. пайда болды [8, 172-185 бб.].

Орта ғасырдағы араб-мұсылмандық ренессанс кезіндегі қалалардың айшықталуы мен оның тарихи-әлеуметтік, рухани-мәдени негіздері туралы мынадай жалпылама тұжырымдар жасауымызға болады. Олардың өзіндік атрибуттары: Базар, Ақпарат орталығы, Рухани орталықтар, Материалдық мәдениеттің озық үлгілері мен шедеврлерінің эстетикасы, қала халқының өзіндік этикалық нормалары мен адамгершілік құндылықтарының сақталуының ошағы т.б. арқылы олардың шынайы мәні ашыла түседі.

1. Базар – экономикалық сауда нарығы. Осыдан «Шығыс базары» деген ұғым концепт ретінде қалыптасып қалған: трионың орындауындағы «Шығыс базары» әні, О. Табиевтің «Шығыс базары» туындысы, шығыс базары деген атаумен бүгінгі күні де пайда болып отырған сауда мекемелері т.б. Сондықтан да, ислам дінінде, хадистерде сауда-саттық туралы баяндаулар кездесіп отырады. Олар сауданы құрмет тұтқан,

жүргізу тәртібі моральдік нормалар мен заңдарға да енгізілген, бірақ базарлар сауда орындарына жақын орналаспауы тиіс еді.

Базарлар сауда жолдары арқылы тауар тасымалдайтын, тұтынушылардың шоғырланған орталығы болуымен қатар, халыққа қызмет көрсету, айырбас, Ақша-Тауар-Ақша қатынастары, сауда келісімдері жасалатын экономикалық, қазіргіше айтқанда, бизнес-орталықтар қызметін атқарған.

2. Ақпараттар коммуникациясының геокеңістігінің орталықтары, ол: іргелі саяси мемлекеттік және тұрмыстық деңгейде де стихиялы түрде құрылымданған. Тіпті қазіргі БАҚ қызметін атқарғандығы интернет желісі дамығанға дейін солғынданған түрде болса да сақталып келді: бұқаралық сана үшін тұрмыстық, саяси, әлеуметтік жаңалықтардан хабардар болу, тіпті қазіргіше айтқанда, андрогогикалық үздіксіз білім (ақпарат) алудың стихиялы және жүйелі форматтарының құрылымдануы өздігінен эндогенді түрде реттеліп жүріп отыратын тетікке айналған. Демек, бұл жоғарыда атап өтілгендей, Көне Грекиядағы «Қала-мемлекет» түсінігіне аналогиялық түрде, «Сұхбаттастық қоғамның» шағын үлгісіне де айналған.

Екінші бір қырынан алғанда, базар қоғамдық сана түсінігінде кейде хаостық, әдепсіздік, жүйесіздік, әркімнің адамдардың көп шоғырланған жері, тәртіпсіздіктер де орын алатын аймақ. Мәселен, Ф. Бэконның «Базар елестері» деген атаумен берілетін танымдағы адасудың бір түрі.

3. Рухани орталықтар: кітапханалар, ислам идеологиясының орны, діни және ұлттық толеранттылық үрдістері т.б. қамтамасыз етілген. Мәселен, Бағдат, Отырар т.б. қалалардағы әлемге әйгілі болған, кітап қоры жөнінен танымал кітапханалар жай ғана геокеңістік, олардың жиынтығының саны емес, сайып келгенде, интеллектуалдық орталықтың, зиялылар мен ғалымдардың шоғырланған жері екендігі даусыз. Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласынан шыққан ғалымдардың санын Ә. Дербісәлиев шамамен 15-20-ға дейін жеткізіп отыр. Сол кезеңдегі есімдердің өрнектелуіндегі шыққан қаласымен аталу дәстүрі бойынша да, орта ғасырдағы араб-мұсылмандық кезеңде қалалардың интеллектуалдық орталық болғандығының куәсі боламыз: Ясауи, Қашғари, Баласағұни т.б. Бұл атаулар мен қалалардағы кітапханалар араб-мұсылмандық ренессанстың нақты өлшемдері мен динамикасын анық көрсетіп

тұрады. Ал медресе сияқты оқу орындары ғана емес, ғылыми мекемелер, олардың индустриясы да қала мәдениеті арқылы байқалатын осы ренессанстың нақты дәйектемелері. Мәселен, XII ғасырда Азербайджанда көрнекті математик Насреддин ат-Тусидің басшылығымен салынған Мараба, Самарқандта орналасқан Ұлықбектің обсерваториясы т.б.

Араб халифатының құрылуы өркениеттік әлемде өзіндік орны бар гегемонияға айналды. Сондықтан мұсылман діні мен оны тарату құралдары, діни тәжірибелер негізінде қала мәдениетімен келіп ұштасып жатты: мешіттердің, қасиетті діни орындардың аса көркемдікпен безендірілуі мен алып ғимарат жобасымен салынуы архитектурасының шеберлігі арқылы оның рәміздік белгісіне, пафостық тірегіне, руханияттық тұғырдың брендіне, экзальтациялық кемелденген өмірдің кредосына, рухтану мен алып империяның қуатының аллегориялық изоморфизміне айналды.

Намазға шақыру формасы жөнінен өз алдына бір эстетикалық композицияны құрады: қала халқын ақпараттандыру үшін азанға ыңғайластырылған жағымды акустика, қаланың таң тыныштығына тіршілік беретін әуен, халқының мұсылмандар екендігін растайтын мемлекеттік деңгейдегі ресми дәйектеменің өзіндік сазы деп айта аламыз. Сол үшін дауыс мәнеріне орай арнайы азан шақырушылар іріктеліп тағайындалған.

Орта ғасырдағы қалаларды осындай рәсімдерсіз елестету мүмкін емес еді, ол кейіннен де жалғасын тауып, қазіргі күні де мұсылман елдеріндегі қалардағы өзіндік бір циклды түрде үздіксіз қайталанып тұруға тағайындалған атрибут іспеттес.

4. Әлемдік эстетика дамуындағы көп қарастырыла бермейтін мәсеелердің бірі – «Орта ғасырдағы араб-мұсылмандық эстетика» да осы қала өмірімен тығыз байланысты болып келеді. Сөздіктерде, бұл түсінікті барынша жинақтап көрсеткенмен, рухани танымдық жағына баса назар аударады: «Араб-мұсылман эстетикасы – мұсылман әлемінің ойшылдарының жазған еңбектері арқылы қалыптасқан эстетикалық талғамдар мен талаптар жүйесі. Адамзат өркениеті тарихындағы ислам өркениеті деп аталатын мәдени өрлеу кезеңінің жемісі. Бұл құбылыстың ілімдік негізін жасаушылар қатарына Шығыс перепатетикасының өкілдері әл-Фараби, Ибн-Сина, Ибн-Рушд т.б. Аристотельдің «Поэтикасына сүйеніп, оның ақиқаттығы не жалғандығына

қарамастан, эмоциялық оң және теріс әсерлер туғызатын құрал ретінде қарастырды. Бұл ғұламалар көркем шығармашылықты көне «мимесис» ұғымы арқылы түсіндірді. Көркем шығарма жасаушы табиғатқа еліктеу арқылы қабылдаған бейнесін қиял дүниесімен ұштастырады деп білді. Сұлулық кейде Пифагор рухында түсіндіріліп, ғарыштың, пластикалық формалардың, түстердің және дыбыстардың жарасымдылығы тұрғысынан қарастырылды» [9,47 б.].

Көріп отырғанымыздай, сол дәуірлерде бейнелеу өнерінің ислам идеологиясына байланысты кешеуілдеп қалуының салдарынан материалдық эстетикаға баса назар аударыла бермеді. Оның нақты көріністері мәдени материалдық мұралардан демонстрацияланады, ол қалалардың әсемдігін арттырады. Өйткені, қайта өрлеу дәуірі мен жаңа заман кезіндегі кейбір саяхатшылар мен тарихшылар сол дәуірдегі қалалардың әсемдігі туралы мағлұматтар қалдырып отырған.

Орта ғасырдағы араб-мұсылмандық ренессанс дәуірінде қалалардың айшықталуында дизайн мен пластика, кангломерат пен инсталляция шебер үйлесімділікпен нақышталған архитектуралық ескерткіштерден көрініс тауып отырды. Негізгі ерекшеліктерінің бірі – түрлендіріп, құбылтып күмбездеу стилі. Мәселен, Арсе Игнасио: «Күмбездің жоғарғы жағы – «тәж». Күмбездің ішкі жағы «интрадос», ал сыртқы жағы «экстрадос» деп аталады» [10,195-220 бб.], – деп оған баса назар аударған болатын.

М, Блум Джонатан: «Бір әдіс – тірек қабырғасының жоғарғы жағынан күмбездің негізіне дейін көлденең қабаттарды проекциялауы, мысалы, Селжук пен Осман архитектурасында жиі қолданылатын бұрандалы үшбұрыштарды қолдану» [11, 58 б.] екендігін атап көрсетті. Сонымен қатар, қала әсемдігінде назар аудартатын тағы бір көріністер: хауыздар, бақтар, субұрқақтар т.б. Парсылық шығыстағы қала эстетикасының бірі – әсем бақтар. Бұндай шығыста бақтарға басымдылық беру әлемнің жеті кереметінің бірінен саналатын «Семирамиданың аспалы бақтарынан» да анық байқалады.

Жоғарыда айтылғандай, орта ғасырдағы араб-мұсылмандық эстетика мәселесімен шұғылданушы ойшылдардың қала әсемдігінің адамның көңіл-күйіне ерекше жайлы әсер ететіндігін атап өткендігін назарға алсақ, қала халқының психологиялық климатының осындай әсемдіктер арқылы кемелдене түскендігі туралы пайымдаулар жасауымызға болады. Осы тұста,

Ш.Л. Монтескьенің географиялық детерминизмі ұстанымы бойынша ауа райы, тіршілік ортасы, климат т.б. сыртқы факторлар халықтың мінез-кұлқын қалыптастырады [12,541 б.]. Олай болса, қала әсемдігі мен халықтың талғамы бойынша құрылымданған сұлулық оның халқының мінезінің де көркем болуына белгілі бір деңгейде ықпал еткендігін болжамдауымызға болады.

5. Қалалар империялық саясат пен оны әйгілеп отыратын құралдар, этноцентризм мен исламдық идеологияны әлемге орнықтыратын, сол мемлекеттің өркениеттілік деңгейін паш етіп отыратын қызмет те атқарды. Кей сәттерде ол тек гегемония ғана емес, әлем рухының шоғырландырылған орталығы ретінде қалалар арқылы материалданып отырды. Қала сол дәуірлерде тек тұрғындар урбанизациясы ғана емес, сол мемлекеттің даму индексін көрсететін, тұрақтылығы мен мызғымастығының рәмізін айқындайтын, зәулімдігі мен сұлулығы арқылы асқақтанатын, этноинтроспекциялық шабыт беретін идеологияның нақты материалдық трансформацияларына да айналды деп айта аламыз. Жоғарыда атап көрсеткендей, Бағдат Рим тәрізді өзіндік бір мегадинастияны, сол мемлекеттің жалпы болмысының өміршеңдігі мен жасампаздығының проекциясына айналып, мистификацияланып, рәміздік түрде «Әлем қаласы» атанған еді. Сондай-ақ, бұндай атауға ие болмаса да, өзінің шарапаты арқылы әлемге танылған қалалар сол мемлекеттің айбары мен асқақ болмысын айқындап беретін көрсеткіштері де болып саналғандығы пайымдалады.

#### **Үнді мәдениетіндегі орта ғасырдағы қала туралы пайымдаулар**

Келесі кезекте Шығыстағы орта ғасырлардағы Үндідегі қала мәдениеті туралы пікірлерге тоқталып өтетін боламыз. Е.Ю. Ванина орта ғасырлық қалалардың ерекшеліктеріне тоқтала келе, ол да базарлардың ролін мысалдар келтіре отырып көрсетеді. Оны қалалаық өмірдің жүрегі, алдымен алып-сату орны екендігін, сонымен қатар мынадай өлең жолдарын мысалған келтіре отырып [13,186-193 бб.], оның руханияттық деңгейіне жол ашады: Пандит читает пураны, толкует о пути дхармы, Где-то рассказывают истории, где-то танцуют, Там птицелов показывает птиц, там выступает кукольник, То читают стихи нараспев, то разыгрывают пьесы. [1,18 б.].

Е.Ю. Ванинаның зерттеулері бойынша Үнді тілінің көпшілігінде «қалалық» деген

сөз «білімді», «икемді», «тиянақты» деген мағыналарды да береді және «ауылдық», «өрескел», «білімсіз» деген сияқты ұғымдарға антоним болып келеді. Қалада тұратын адамның мәдениетті бола бастайтындығын XIII ғасырда өмір сүрген ақын Днянешвар, XV ғасырдағы Видьяпати атап өткендігін, ауылдық жердегілерді ақымақ деп санайтындығына тоқтала келе, қалалық әдебиеттерді оқығанда ауылдың білікті адамдарынан да жоғары деңгейде болатындығын, «ауылдық әдебиеттердің» қалаға жақын орналасқанның өзінде де ауылдық қауымдастықтың тар шеңберінде ғана қалып қоятындығын да айтып отырғандығын зерделейді. Тіпті қаланың орта білімді тұрғындарына арналған көркем әдебиеттерінде XVI ғасырда еуропалықтардың Жаңа Әлемді ашқандығы туралы айтылатындығын көрсетеді.

Зерттеуші олардың діни-психологиялық климатын былайша тарқатып көрсетеді. Үнді жерінде көптеген халықтар тұратын қалаларда аралас этникалық қауымдастықтар мен әр түрлі конфессионалдар өмір сүрген. Индустар мүсылмандармен, басқа да дін өкілдерімен бейбіт қатар ғұмыр кешкен және үнді-мүсылмандық мәдени сұхбаттастық орта ғасырдағы Үндінің өнерінің, ғылымының, әдебиетінің дамуына да игілікті ықпал еткен, қасталарында да мүсылман қауымының өкілдері олармен қарым-қатынастар орнатқан, бірлесіп үнділік мерекелерді атап өткен. Қала тұрғындары діни фанатизмді жоққа шығаратын және барлық діндердің қатар ақиқат екендігін, құдайдың біреуі ғана болатындығын, адамдардың оларды әр түрлі атайтындығын, нағыз шынайы сенетіндер мен шынайы сенбейтіндердің болмайтындығын насихаттайтын арнайы идеялық құралдары да болған. Бұл үдеріс екі жазықтықта өрбіген: жоғарыдан және төменнен. Төменде қолөнершілер, саудагерлер, төменгі шенеуніктер, қала кедейлерінде индуизмнің (бхакти) діни-реформаторлық бағытында және исламның суфизм ағымы негізінде кең тараған уағыздаушылары болған. Құдайға деген шексіз махаббат пен оны бірден-бір жол деп санаудан басқа жалпы сыртқы форманы «Мишура» (Мүшріктер – автордан) деп атаған. Осыдан конфессиялық айырмашылықтар жойылып, бастысы ол храмға немесе шіркеуге, мешітке баратындығына қарамастан, құдайға деген махаббат пен адамның моральдік тазалығы басты құндылық саналған. Бхакти ақын Кабир: «Хари қаласы шығыста, Алла тұрағы Батыста» [15, 273 б.] деген болатын.

Ал қаланың жоғары білімді элитасында суфизм мен бхакти идеялары сол кезеңде кең таралған рационализммен келіп қауышты. Қалаларда әр түрлі діндердің догматтарын (индуизм, ислам, иудаизм, христиандық) ғылымилықпен салыстыратын ойшылдар легі қалыптасты және сол діндердің ескірген догмалар мен ақылға сыйымсыз салттары жағынан көптеген ортақ жақтары бар екендігін көрсетуге ұмтылды. Діни универсализм идеясы мен барлық діндердің өзара тең ақиқаттылығы, фанатизмді, конфессия аралық өшпенділікті қабылдамау орта ғасырлық үнділік мәдениет пен қалалық ортаға тікелей байланысты дамудың детерминанты болды. Оларды қала базарлары қамтамасыз етті: қолөнершілер – үндістер мен мұсылмандар, джайнистер мен сикхтар қатар жұмыс жасады, саудагерлер қала халқының қай діннен екендігіне қарамастан сауда келісімдерін жасады. Бұл идеялар «ағартушы философтардың» император Акбардың сарайы жанындағы бас қосуларында айтылды және Дели, Агра, Ахмадабад, Лахор қалаларындағы әйгілі әдеби кітап көрмелерінде осы конфессия аралық келісімділіктер туралы баяндалған еңбектер болды. [16, 466 б.].

Қолөнер мен сауда қала экономикасының дамуының негізі болды, бірақ қаланың дамуымен қатар саудагерлер мен қолөнершілердің касталық мәртебесін көтермелеу де жүріп отырды. Ерте орта ғасырда ауылдарда қолөнершілер төменгі кастада болса, ал соңғы орта ғасырда қалалық жерлерде қолөнершілердің көпшілігі көптеген мәселелерді шешуге қатынасатын жоғары касталық мәртебеге ұмтылды.

Е.Ю. Ванина орта ғасырдағы Үнді қалалары мен жалпы олардың тұрмысы туралы өз ойын әрі қарай былайша өрбіте түседі. Бхакти идеясының дамуы көп жағдайда санасы өсіп келе жатқан қолөнершілердің қалалық сауда-қолөнершілер ортасымен байланысты болып келді, оның дәстүрлі индуизмнен айырмашылығы өзінің жеке мәртебесін сезінуі арқылы төмен бағаламауы. Кабирағ Акхо Бхагата сындылардың эгалитарлық идеологиясы пайда болды: «тек ақымақ қана өзінің кастасын мақтаныш етеді», «касталық тазалықты келекелеу». Қалалықтардың орта ғасыр қоғамында өздерінің біртұтастығын сезінуі маңызды орын алды.

Қалалық мәдениеттің ерекшеліктері әр түрлі тілдегі әдебиеттерде, әр түрлі жанрларда жарық көрді (фаблио, махабатық-авантюралық романдар, әзіл-қалжыңдар, бхакталардың, сопылардың, сикхтардың кең көлемді шығармалары) және

олар халықтың ауызекі тілдерінде жарияланды. Осыдан қала халқының әр түрлі қабаттары сусындады. Дегенмен, оларда рыцарлық батылдық емес, қулық идеологиясы да қызмет атқарды. Адамның мәртебесі мен даңқы оның кастасында емес, оның әлемдегі күштілер мен тіпті құдайлардың да сынақтарына қарсы тұра алуында екендігі жырланды. Қалалық мәдениетке әсер еткен орта ғасырдағы үнділік әдебиеттердің негізгі ерекшеліктері: әртүрліліктің (әлеуметтік, конфессионалдық, ұлттық) жекелігін сақтайтын, жоғалып кетпейтін ортақ мәдениет құруы. Олардағы қаладағы психологиялық климат – жаңа мен ескінің арасындағы, бастапқы мен соңғы арасындағы компромисс және оларға әр түрлі саладағы динамизм тән болды. Рыцарлық әдебиет жойылып, тұрмыстық жанрлар орын алды: зайырлылық пен тұлғалық бастау басты орын алды, адамдықты құдайландыру, құдайлықты адамдандыру сюжеттері байқалды [13, 195 бб.].

Көріп отырғанымыздай, Үнді еліндегі орта ғасырдағы қала мәдениеті негізінен алғанда, қоғамдасудың үтқыр конвенционализмін негізге алған және ол саяси жүйемен, ғалымдар мен әдебиетшілердің идеологияларымен қамтамасыз етіліп отырған. Діни толеранттылықтың үстемдік етуі жалпы алғанда қала мәдениетіне тән құбылыс болғанмен, бұл тұста айта кететін жайт, буддизм, индуизм, бхактишілдік пен исламның сопылық бағытында ешқандай да агрессияшылдық пен анти толеранттылық мүлде байқалмайды. Осыдан, жалпы Үнді халықтарында әлеуметтік қабаттарға деген, гендерлік, отбасылық, ұлтаралық т.б. қоғамның барлық саласында төзімділіктің ерекше бір түрі қалыптасып, ол бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан қалалық мәдениетпен тасымалданған тұрақтылыққа айналып отыр.

Бұл бір қырынан экономикалық өрлеудегі басқа да халықтармен сауда қатынастарын өркендетуге жол ашса, екінші бір қырынан бейбіт қатар өмір сүруден басқа жол жоқ екендігін философиялық деңгейде түйсінген өмір салтын құрады. Мәселен, тарихта Үнділердің өзге елге шабуылшыл соғыстары кездесе бермейді, тек қорғану шайқастары ғана белгілі. Әрине, Үнді экономикасының өрлеуіне, орта ғасырларда да қоғам феодалдық болғандықтан, төменгі касталардың физикалық еңбектері пайдаланылды.

Осы талдаулардан Үнді қалаларындағы ерекшеліктерді мынадай өмір сүру стильдері бойынша жүйелеп көрсетуімізге де болады:



– біз қарастырып отырған «Ізгілікті қалаға» аналогиялық түрде «Толерантты қала» – діни, жыныстық, нәсілдік, ұлттық т.б.

– касталық бөліну бойынша «Элитарлы-эгалитарлы қала». Нақтырақ айтқанда, касталарды қорғайтын ресми емес эгалитарлық идеологиялар элитарлық идеологиялармен тең дәрежеде жүріп отырады.

– діни сенімдеріне орай, агрессияшылдық-шабуылшылдық саясат тұрғысынан алғанда интровертті, меланхоликті, индефферентті қала;

– Үнді мәдениеті тым көне дәуірден басталғандықтан, ежелгі қалалардың бүгінгі күнге дейін сабақтасуы мен жалғасуының аралық буыны қызметін өз деңгейінде атқарған. Яғни, бай мәдени мұраларды, білім мен ілімдерді, дін мен өнерді сақтаушылық қызмет деп айта аламыз. Оны бүгінгі күнге дейін келіп жеткен рухани мұралардан, қаланың сәулетті архитектурасының қалдықтарынан т.б. да анық көруімізге болады.

### **Батыс Еуропалық орта ғасырдағы қала туралы толғаныстар**

Батыс Еуропадағы орта ғасырлардағы қалалар туралы пайымдаулар теолог философтардың да назарынан тыс қалмағандығы, олардың толғану объектісіне айналғандығы қаланың сол дәуірдегі тұрмыс тіршілік пен қоғамдық санадағы экзистенцияда соншалықты маңызды роль атқарғандығын білдіреді. Соның бірі – А. Августиннің «Құдай қаласы» еңбегі. Бұл еңбек негізінен мемлекет пен қалалар тарихы және оны аспандық рухта сипаттаудан басталып, өзіндік әлеуметтік таным философиясымен сабақтасып жатты. Оның түсінігі бойынша қала құдайдың қалауымен ғана емес, сол қала болмысы арқылы құдайлық апологетикамен құрылымданады: христиандық пен христиан еместер, құдай құдыреті, оның жаратылыс үлгісі болуы т.б.

А.С. Сырғақбаева бұл таным түсінікті былайша тиянақтайды: «В Апокалипсисе образ града Божьего является воплощением начала мира и его конца, непостижимого жизни, образца всякого творения и, в то же время конечной цели итога земного мироустройства» [17,98 б.].

XXII кітаптан тұратын бұл іргелі еңбек христиандық теологиялық сарындарымен көмкерілсе де, гректердің дүниетанымы, римдіктердің өмір салты мен орта ғасырдағы құдайшылдық басымдылықта бейнеленеді, кей кездерде тарихи айғақтарды сараптау да кездеседі. Оның Христосшылдық мотивтері Құдай қаласының

жалпы келбетін сипаттау емес, құдай қаласын сақтау мен оның жаршысы болудың теософиялық негіздемелеріне айналады деп айта аламыз. Сондықтан да схоластикалық бастаулар тұжырымдамаларының бағдарлары сайып келгенде құдай қаласы арқылы өзіндік теоцентризммен келіп ұштасып жатады: «Ибо Царь основатель этого града, о том мы задумали говорить, открыл В Писании Своем народам определение Божественного закона, в котором сказано: «Бог гордым протитвится, а смиренным благогдатель» деген пікірлері осының айғағы. «Из этого града выходит враги, от которых нам надлежит защищать град Божии. Много из них, впрочем, исправив заблуждение нечестия, становятся вполне приличными гражданами града, но многие до такой степени воспаляются ненавистью к нему, и до такой степени оказываются неблагодарными к очевидным благодеяниям его Искупителя, что поднимает против него в настоящее время языки, свои даже потому, что избегая вражеского меча, спасли жизнь, которую гордятся, в священных местах» [18, 45 б.]. Оның түсінігі бойынша вестготтардың Римді тонау жағдайында олар Христостың арқасында аман қалғандарын түсінбеді. Жалпы Құдай қаласы туралы пайымдауларында өзіндік христиандық этика мен өмір сүру тәсілдері туралы айтылады. Қаладағы әділеттілік пен зұлымдық, түсінбеушілік пен игіліктің арақатынастары көп жағдайда, сайып келгенде, тұрғындардың өзіне байланысты болып шығады және ол жалпыадамзаттық сипат алады. Бұндай ахуалды ол схоластикалық баяндаумен былайша шешіп бергендей болады: «Ибо эти два града переплетены и взаимно перемешаны настоящим веке, пока не будут разделены на последнем суде. Об их происхождении, преуспейнии, и конечных судьбах постораюсь с помощью Божией, сказать что, по моему мнению, следует сказать, ради славы града Божия, которая при сравнении с тем, что ей противостоит, выступит более ясным свете» [18,51 б.]. Августиннің Құдай қаласы нақты географиялық кеңістікте орналасқан, физикалық қала емес, Руханиланған жалпы христиан әлеміндегі әлеуметтік болмысты құдайландыратын масштабта қарастырылады: «И Так предыдущей книге, когда я начал говорить о граде Божем, с помощью Божией..» [18, 53 б.].

Ойшыл өзінің еңбегінде Гректердің, кейіннен Римдіктерде де сарқыншақтары сақталған құдайлардың қалалалықтарға қатынасы туралы

айта келіп, оның заңдылықтарын сипаттап, қаланың, халықтың Христос еркі арқылы өмір сүретіндігін пайымдап, кей жағдайда теодицеялық көзқарастарды ұсынып, апологетке де айналады. Ол Рим тарихына «тарих теологиясы» деп атауымызға болатындай тұрғыдан келеді. Карфаген, Иерусалим қалалары туралы баяндаулары да сайып келгенде, жалпы өркениеттегі дін мен христиандық теологияның жаршысына айналуымен келіп қайталанып отырады. Дегенмен, Августиннің бұл еңбегінің тарихи маңызы мен философиядағы өмірлік-тәжірибелік қырлары туралы маңызды пайымдауларды да кездестіре аламыз: «Библиялық мифологияларға сүйенген Августин Жерорта теңізі халықтарынан Римге дейінгі халықтар мен «таңдаулы» еврей халықтарының библиялық тарихының синтезін беруге ұмтылды. Сонымен қатар Августинді адамзаттың Жерорта теңізі халықтары масштабындағы тағдырын философиялық толғаудың пәніне айналдырған бірінші философ болды» [17,98 б.]. Келесі кезекте А.С. Сырғабаева өз ойын былайша түйіндейді, оның еңбегінің тұтас философиялық мазмұнының фабуласын ашып береді: «Бүкіл адамзат тарихы Августиннің көзін жеткізуі бойынша құдайлық-адамдық екі институттың күресі болып табылады – құдай қаласы мен жерлік қала. Табиғат пен құдай арасындағы дуализм екі институттың түпкі қарама-қайшылығы ретінде «Құдай қаласы» еңбегіне тасымалданды» [17, 98 б.]. Шындығында да бұл еңбекте зұлымдық пен ізгілік, ерік пен еркіндік, жауапкершілік пен бостандық, адасу мен ақиқат, тобыр мен элита (діни) туралы пайымдаулардың дихотомиясы мен осындағы жағымсыз полюстердің шығу тегіне, оның жойылуы тиіс екендігіне, оның құдайдан емес екендігіне теодицеялық талдаулар жасаумен келіп ұштасып жатады. Жерлік қала әлемде ізгілік пен зұлымдықтың күресі аяқталғанға дейін өмір сүреді, ол сол зұлымдықты шектеу мен тізгіндеу үшін қажетті болып шығады. Бұл Антика дәуіріндегі зұлымдық адамзатқа оны күресіп жеңу үшін берілген деген теодицеяның этикалық үлгісінің орта ғасырдағы қайталанған көрінісі.

Августиннің бұл туындысы философиялық еңбек болғандықтан, ол адамзат эволюциясын адам жасына орай кезеңдерге бөліп қарастырады: нәрестелік, балалық, жеткіншектік, жастық, ересектік, кәрілік. Оның түсінігі бойынша Адам ата мен Хауа ана, оның ұрпақтарының таралуы нәрестелік кезеңнен бастау алса, кәрілік

өзі өмір сүрген дәуірімен сәйкес келеді, яғни, Христостың тууы мен оның ілімінің үстемдігі және адамзат эволюциясының соңына дейін созылуы [18, 256-302 бб.]. Бірақ ол жалпы эволюцияның шартты түрде құрылғандығын да ескереді, өткеннің – тек есте сақтау, қазіргінің – пайымдау, болашақтың – аңсау мен күту арқылы ғана қолжетімді екендігін атап өтеді.

Августиннің қала туралы пайымдауларының негізгі астарлары мен құндылықтық негіздері туралы мынадай тұжырымдар жасауымызға болады.

1. Құдай қаласы моделінің бұл тұстағы синкретті метаморфизмі көрініс табады: қала мен халықтың, жалпыласак, христиан әлемі тұрғысынан қаралған жалпыадамзаттың тұтандырылған экзистенциясы мен тарихи-әлеуметтік тіршілік ету нормалары, Қаланың – бейнелі түрде адамзат тіршілігінің «нақ Өзі» болуы және одан тыс болуы да мүмкін емес екендігі, ондағы нақты бір географиялық мекені мен кеңістіктегі орны айқындалмағанының шартты түрде ұсынылуы, «Құдайлық қаланың» жалпы алғанда, тұтас құдайлыққа негізделген болуы тиіс өмірдің мысалы ретіндегі келбеті т.б. Оның шығармаларының идеяларының мақсатты және оптимистік, перспективтік үлгілерінде тіпті адамзат өркениетінің, құдайдың өзі құтқаруға қалаған Құдай қаласының өркендеуі нағыз прогрессивті болашаққа бастайтын жол болып шешімін табады. Христиан діні бүгінгі күні де сақталғандықтан, оның еңбегі философиялық теологиялық туынды болғандықтан, ондағы идеялардың өміршеңдігі ХХ ғасырда өмір сүрген неомист, орта ғасыр теоцентризмнің жаршысы Этьен Анри Жильсонның «Метаморфозы Божьего Города» (1953) еңбегінде христиандық идеологияның мәңгі сабақтастығы әйгіленіп, оны ХХ ғасыр тұрғысынан қайтадан трансформациялайды.

2. Августиннің Құдай қаласын әр қилы түсіндіруге болады: «құдай билеген әлемдегі адам еркі» деп атауға болатын эпопея тәріздес, қала мысалында алынған христиандық теологияның философиялық шығармасы, схоластиканың бастапқы үлгілерінің өзіндік бір үздік туындысы (осылай да ойлап қарауға болатын, сол дәуірдегі озық менталитеттің көрінісі), тарихты, этнографияны, теологияны, этиканы, саясатты т.б. тұтас қамтуға мүмкіндік ашатын қазіргіше айтқанда, «ғылымдар интеграциясының» үлгісі. Бұл еңбекте сол дәуірдегі тарихи оқиғалар, теологиялық ұстанымдар, этнографиялық тұрмыс

тіршілік пен этикалық құндылықтар, тұтас батыс еуропалық орта ғасырдағы әлеуметтік болмыстың синтезделген көрінісі тарих философиясы мен діни философия арнасында сипатталады деп тұжырымдай аламыз.

Сонымен қатар, бұл туындыда қала мәдениетінің философиясының асқақтанған нұсқасы құрылады, қалалық рәміздер арқылы әлемді көркемдік тұрғыдан бейнелеудің эстетикалық дүниетанымы т.б. байыпталады. Бұған А.С. Сырғақбаеваның мына тұжырымдары дәлел: «Әлемнің рәмізі қай жағынан да құрылымы ғарыштық тәртіпке ұқсайтын собор болды. Собордың, күмбездің, альтарьдің ішкі құрылымы әлемнің толық бейнесін беруі тиіс деген ұғым болды. Оның әрбір бөлшегі рәміздік мағына берді. Мемлекеттік сарайдың архитектурасы құдайлық ғарыш тұжырымдамасымен байланысып жатты» [17, 99 б.].

3. Орта ғасырдағы «Өзі және Өзге әлем» болып бөлінген таным бойынша рыцарлық өмір салты мен қауіпсіздік те сол қалалардан көрініс тауып отырды: рыцарлық әскер, биік қоршаулар мен дуалдар, әскери қару дайындайтын орындар мен қолөнершілердің, ұсталардың шағын цехтары т.б. Бұлар қала халқының өзіне деген сенімділігі, халықтың қауіпсіздігі мен алаңсыз өмір сүруінің кепілі іспеттес болып тұрды. Мәселен, дуалдар мен қорғандар тек әсемдік пен асқақтық емес, жайбарақаттылық пен алаңсыздықты сақтаудың психологиялық регулятивтік сүйенішіне айналған. Ле Гофф қала мен рыцарлық қатынасын былайша сипаттап көрсетеді: нәпсілікке арналған, қаланың көркіне масаттану, қала тұрғыны атану, қаланы байлық пен мансап ретінде пайдалану, оны байлықтың көзі ретінде сезінуі т.б.; идеалдандыру – өзін әлеуметтік қабаттардағы қаланы қорғаушылар ретінде сезіну әскери орындардың тек шабуылшыл мен қорғану сияқты басқа мәселелерден асқақ тұруы арқылы түйсінілді, қала тұрғындарының қамқоршысы болуы т.б.; қаланы әлеуметтік, экономикалық, мәдени орталық ретінде көре білу мен рыцарлық салттарға қарсы шығып, бейбітшілікті қалау [19, 288-289 бб.].

### **Қорытынды және тұжырымдама**

Қорытындылай келе, Батыс пен Шығыстағы Орта ғасырлық қалалардың жалпы тарихи-әлеуметтік, саяси-мәдени ерекшеліктерін былайша жинақтап беруімізге болады.

1. Адамзаттың қалалары эволюциясында өткен көне дәуір бейнесін сақтап қалып, кейінгі

Қайта өрлеу мен жаңа заманға бағыттаушы аралық буын қызметін атқарған. Жалпылама айтсақ, қалалар мәдениет пен өркениет сабақтастығының, оның өмір сүруінің, болмысының кепілдемесі ғана емес, шынайы өзіне айналған. Әрине, сабақтаспай жойылып кеткен тым көне қалалар да кездеседі. Дегенмен, орта ғасыр қалалары үшін мәдениеттің үздіксіздігін сақтау жауапкершілігі бір қырынан өздігінен реттеліп отырса, екінші бір қырынан сол елді мекенде өмір сүрген халықтар мен ұлыстардың да «Адам мәдениет субъектісі» екендігімен тығыз байланысты болған. Жаугершілік заман қала мәдениетінің прогресіне де, регресіне де ықпал етті: кейбірі өркендей түссе, кейбірінің қирандылары ғана қалған немесе реставрациялауды қажет ететін күйге түскен. Тарихта бірнеше қалалардың көптеген халықтар мен басқа ұлыстардың, мемлекеттердің қол астына өтіп, өзінің көркемдік болмысы мен рухани-психологиялық келбетін тұрғындарының этникалық, конфессионалдық құрамына орай циклді түрде өзгертіп отырғандығының куәсі боламыз. Осындай үдерістер көп жағдайда орта ғасыр кезеңіне сай келіп отырды.

2. Орта ғасыр қалаларының ерекшелігі кеңістіктік таным мен географиялық ашылуларды, «Жер бетінің өзінің әлемі» екендігін түйсінудің жаңа төңкерістік кезеңін бастан өткерді. Мәселен, бұрын көне замандарда әлем халықтары тіпті, кейбір мемлекеттер үшін әлемнің шексіз кеңістігіндегі қалалар бірбіріне беймәлім болса, орта ғасырдағы сауда қатынастарының дамуы қалалар арасында өзіндік бір мәдени-экономикалық сұхбаттастар орнатудың байланыс нүктелеріне айналды. Бұл тұста алдымен, сауда қатынастарына арналған арнайы белгіленген жолдардың маңызы зор болды. Мәселен, Жібек жолы экономикалық қатынастардың атрибутына айналды, Шығыс пен Батысты жалғайтын мәдени-рухани байланыстардың интерқалалық бағдары мен негізгі базисі болып табылды. Бұндай жолдар қалалардың арасын психологиялық кеңістік аясында жақындата түсті, әлемдік мәдени интеграцияның суперстраттары жамала беретін субстраты деп те айтуымызға болады.

Сол дәуірдегі сауда жолдары қазіргіше айтқанда, темір жолдардың, ал арнайы салынған, әсіресе, шығыс қалаларының өзіндік масштабты маңызды роль атқарған керуен сарайлар вокзал мен қонақүйлер қызметін атқарған. Керуен жолдары тек экономикалық қана емес,

мәдени-рухани сұхбаттастық қызметін атқарғандықтан қалалардың көркейе түсуіне жол ашты. Сондай-ақ, олар ішкі және сыртқы саясатта да аса маңызды мемлекеттік роль атқарды. Мәселен, керуен жолдары, ондағы саудагерлер арқылы астыртын саяси-мемлекеттік тыңшылар, барлаушылар, ресми елшілер, жаушылар жүріп отырғандығын бағамдай аламыз. Мәселен, Шыңғыс ханның Отырарға жорық жасар алдында алдымен тыңшы керуендерін жіберген-мыс деген деректер бар.

Осындай керуен жолдарын материалдық, космологиялық-эстетикалық таным тұрғысынан модельдесек, аспан әлеміндегі жұлдыздардың арасын шартты түрде байланыстырып, штрихтар құрастырып, оларды шокжұлдыздар деп атағандай тұтастық құрастырып отырғандай елестетуімізге болады.

Ал әлеуметтік-мәдени тұрғыдан қарастырғанда олар дүниежүзілік батыс пен шығыс сұхбаттастығының дипломаттары, ерікті-еріксіз түрдегі ақпараттар тасымалдаушы қызметін атқарушылардың өзі жай ғана тауар тасымалдаушылар емес, өзіндік тәжірибесі бар мамандар, батыс-шығыс географиялық кеңістігін еркін меңгерген адамдар болды. А.С. Сырғақбаева орта ғасырдағы мәдени-экономикалық байланыстарды зерделей келе, мынадай тұжырымға келді: «.. Ірі көпестер қаладағы әлеуметтік қабаттарды басқаратын патрициаттарға айналды.. Көпестер білімді адамдар болған. Олардың көпшілігі әдебиетті жетік меңгеріп, өнер туралы да жеткілікті мағлұматтары болды, ақшаның курстары мен сауда қатынастарын жүргізуде де білікті болды» [17, 115 б.]. Нақтырақ айтқанда, керуен жолдары мен көпестердің біліктілігі мен тәжірибесі сол елдің экономикасын дамытудың, кей сәттерде саяси істерге араласып, мемлекет тағдырын шешу туралы ақпараттар берудің де параметрлеріне айналды.

3. Демек, біздіңше, сол керуен жолдарындағы сауда керуендерінің өз мақсаттарына жететін, жаңа мақсаттарға жетелейтін, көпестердің бизнес жоспарларын тәжірибелік түрде айқындайтын базарлар орта ғасырдағы қалалардың витальдік қуаты мен өміршеңдігінің, жасампаздығының шынайы картинасына айналды. А.А. Сванидзе базардың сол кездегі экономикалық орталықтық қызметін былайша толығырақ тарқатып өтеді: «В городе покупались и продавались продукты труда и сам труд, ремесленные изделия и сельскохозяйственные продукты, знания и деньги. Сам город представлял собой важный рынок

сбыта и вообще область применения для самых разнообразных форм деятельности: его общественные и частные постройки, оборонительные и прочие сооружения, арсенал, монетная мастерская и т.д. – предъявляли спрос на легионеров, на труд строителей, художников, военных инженеров; город нуждался в солдатах, лицах, продающих услуги, аптекарях и учителях, нотариусах и сторожах и многих других. В городах скрещивались разные потоки обмена продуктами деятельности: между жителями города; между городом и деревней; между разными городами; между разными регионами, нередко дальними» [20, 8 б.].

4. Орта ғасыр қалалары Антика дәуіріндегі «полис-қалалар» сияқты болмаса да, (мүмкін соның сол заман үшін модификацияланған форматтары) өзіндік қала басшылығы (мэр) бар, кей сәттерде қазіргі АҚШ-тағы штаттар сияқты өзіндік дербес ішкі заңдылықтары мен тұрмыс салттары айрықшаланған үлгіде құрылды. Мүмкін, ол сол заманда мемлекетті басқарудың тиімді түрі де болған шығар. Түркі-қазақтардың тарихында да Жалаңтөс Баһадүрдің Самарқанд билеушісі болып, оның сол қаланы өзіндік талғам үлгісі бойынша көркейтуге мүмкіндігі болғандығы, халқының бақытты тұрмыс кешіп, мегаполисті әлемдік қала картасында айрықша мәртебеге көтергендігі, бірнеше алып құрылыстар мен көркем ғимараттар салдырғандығы белгілі жайт. Қала орта ғасырларда сол мемлекеттің саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық жағдайының, тұтас болмысының картинасы іспеттес болды. Шеттен келген жорықтардың шабуылшыл стратегиялық жоспары да алдымен қалаларды тізбектеп жаулауды жолға қойды. Сол сәтте белгілі бір мемлекеттің қалалары өздерін уақытша оқшау сезініп, тек өздерінің билеушілерінің шешімдерімен ғана әрекет етті.

5. Отырықшылық пен урбанизация, қала тұрғыны болудың адамның өзіндік жетілуінің алғышарты болуына жағдай жасайтын өмірмәнділік құндылықтық сипаты (жоғарыда Үнді қалалары туралы саралауларымызда көрсеткендей) тұрмыс қалпының өзіндік бір үлгісіне айналды. Осыған орай, қалалар халқының саны мен көлемі бойынша да ұлғайып, көркемделуі бойынша жаңа эстетикалық талғамдар негізінде сұрыпталып, білім ордасы мен рухани орталық қызметін күшейте түсті. Мәселен, Батыс еуропалық орта ғасырда қалаларда қазіргі әйгілі университеттердің іргесі қаланды: XI ғ. Италияда – Балон университеті, 1038 жылы Англияда

– Оксфорд университеті 1167 жылы Кембридж университеті, 1209 жылы Францияда – Париж университеті т.б. Сөйтіп, университеттер саны ХҮ ғасырларға таман 65-ке жетті. Университетте діни ілімдерден басқа, медицина, өнер, құқық, алхимия, әдебиет, поэзия, театр, грамматика, риторика, арифметика, астрономия, музыка пәндері оқытылды. Бұл кезеңді сипаттаушылар көп жағдайда тек христиандық теология мен схоластиканың үстемдік еткен дәуірі ретінде бағалайды, екінші бір қырынан қала болмысында осындай қазіргі классикалық білім беру үлгісі бастау алған оқу орындары да салынып, қалаларды рухани білім ошақтарына айналдырды. Сол кезеңдегі құқықтың қаланың әкімшілік-биліктік құрылымының жүйесін жасақтау, халық арасында заңдық нормаларды сақтау сияқты тәртіптердің болу қажеттігіне орай, А.С. Сырғақбаева ол дәуірде университеттерде құқық мамандығының мәртебесі биік болғандығына да тоқталып өтеді [17,108 б.].

6. Орта ғасырдағы қайта өрлеу мен жаңа замандағы ғылыми-техникалық төңкерістер болғанға дейінгі адам мен табиғат арасындағы үйлесімділіктің сақталуы, субъектінің табиғатты мызғымас храм туралы түйсінуі, қала болмысы мен дала болмысы арасында экологиялық жағына айтарлықтай айырмашылықтар тудырмауы. Кейбірінің қазіргі экологиялық таза қала ретінде сұрыпталып шығып, оларды тізімдеп қойғанымыздай, орта ғасыр кезеңінде барлығы да өздігінен осындай экологиялық таза қалалар болып қалыптасты. «Неполная выделенность человека из природы сохраняется до тех пор, пока большинство членов общества ведет натурально-хозяйственный образ жизни и потребности людей удовлетворяется основном за счет обмена с природой. С таким недифференцированным отношением людей к земле связан и «образ гротеского» тела выразившиеся гиперболических формах ихобразительного искусства, литературы и фольклора, массовых празднествах и

карнавалах», - деп ортағасырдағы қала мәдениетін зерттеуші А.С. Сырғақбаеваның пайымдауларынан [17,96 б.] айшықты түрде көрініп тұрғандай, микрокосм мен макрокосм арасындағы жарасымдылық сәйкесінше, аналогиялық түрде қаланың көркемделуі мен композицияларынан да көрініс тауып отырғандығы күмәнсіз. Қала антиэкологиялық орта емес, керісінше, адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік дәстүрлерін жалғастырушы эпицентрлерге айналды. Мәселен, шығыстағы қалалардағы Бақтар осы дала кеңістігінің изоморфты фрагменттері деп айтуымызға болады. Бұндай қоғамдық санадағы әлеуметтік-экологиялық таным нәтижелері әсіресе, орта ғасыр қалаларында субұрқақтар, хауыздар, жылғалардың орналастырылуынан анық байқалады және екінші табиғат пен бірінші табиғаттың қатар өмір сүру дуализмінің үлгісін бірегейлендіруден туған озық, классикалық үлгі болғандықтан бүгінгі қала құрылымында да сәндік қолданбалы мотивтер болып қалыптасып қалған.

7. Қала өзінің жүйеленген болмысын арттыра түсті, материалдық, рухани, саяси, мәдени құрылымдар күрделене, нақтылана берді. Әлеуметтік қабаттардың қатаң құрылымы, саяси биліктің басқарушылық орындары, діни ұйымдар мен мекемелердің өзіндік ішкі тәртібі, қала құрылысының да өзінің архитектурасының ойластырылған жоспарлары т.б. атап өтуімізге болады. Бұл – білім берудің арқасында арнайы мамандармен толықтырылып отыратын қызметтермен жалғасын тапты. Тіпті жоғары билік жүйесінен, діни қызметкерлерден бастап, өндірушілер, қолөнершілер, ұсталар т.б. дейін алыс-берістің базар заңдылығы бойынша қызмет етті, әрбір сала өзіндік даму деңгейіне көтерілді. Мысалы, А. Гурьевичтің айтуынша, қолөнер шеберлік, ал шеберлік өнерге айналып, шебердің еңбегі оның тұлғалығын айқындайтын, қоғамдық өзіндік сананың көтеріле түсуінің өлшеміне де өтті [21, 200-201 бб.].

#### Әдебиеттер

- Сравнительное изучение цивилизаций: Хрестоматия / Сост. Б.С. Ерасов. – М.: Аспект Пресс, 2001. – 419 с.  
Луис Б. Ислам и Запад. – М.: Изд-во: Библиейско-Богословский ин-т св. Апостола Андрея, 2002. – 230 с.  
Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы: Раритет, 2013. – 400 б.  
Стародуб Т.Х. Мусульманский и средневековой город // Город как социальное явление. – М.: Наука, 1995. – 351 с.  
Grabar O. The Formation of Islamic Art. – New Haven: Yale University Press, 1973. – P. 179.  
Большаков О.Г. Средневековый город Ближнего Востока. VII – XIII в. Социально-экономические отношения. – М.: Наука, 1984. – 456 с.  
Михайлова И.Б. Средневековый Багдад. – М.: Прогресс, 1991. – 216 с.

- Пугаченкова Г.А. Среднеазиатские сады и парки XV века // Г.А. Пугаченкова. Из художественной сокровищницы Среднего Востока. – Ташкент, 1987. – 358 с.
- Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. – 412 б.
- Арсе Игнасио. Құрылыс тарихы бойынша екінші халықаралық конгресс, Квинс колледжі, Кембридж университеті; 29 / 03-02 / 04/2006. – 195-220 бб.
- Блум, Джонатан М., Блэр, Шейла С. Оксфорд: Оксфорд университетінің баспасы, 2009. – 402 с.
- Монтескье. О духе законов // Антология мировой философии. В 4-х т. Т.2. – М.: Мысль, 1970. – 776 с.
- Ванина Е.Ю. Некоторые аспекты городской культуры средневековой Индии // Город как социокультурное явление исторического процесса. – М.: Наука, 1995. – 351 с. – С. 186-193.
- Джаяси грантхавали. Аллахабад, (хинди), 1935. – С. 18.
- Двиведи Х. (изд.) Кабир. Бомбей, 1960. С. 273 (хинди)
- А’би-1 Fail Allami. The Akbar Nama / Tr. by H. Jarrett Delhi, 1979. Vol. III. P. 366; NaikCA. Abdur-Rahim Khankhanan and His Literary Circle. Ahmadabad, 1966. – Pp. 463-466.
- Сыргакбаева А.С. Философия города. – Алматы: Әрекет-Принт, 2007. – 243 с.
- Творения / Блаженный Августин; сост. и подгот. текста к печати С. И. Еремеева. – Санкт-Петербург: Алетейя; Киев: УЦИММ-пресс, 1998. / 1998. – Т. 3, Кн. 1-13: О граде Божиим. – 595 с. – С. 12-320.
- Ле Гофф Ж. Цивилизация средневекового запада. – М.: Прогресс, 1992. – 432 с. – С. 288-289.
- Сванидзе А.А. Торговля и купечество: контуры «общественного обмена веществу» западноевропейского средневековья // Город в средневековой цивилизации западной Европы. – Том 2. – Жизнь города и деятельность горожан. – М.: Наука, 1999. – 338 с. – С. 8-26.
- Гуревич А.А. Категория средневековой культуры. – М.: Мысль, 1984. – 326 с. – С. 200-201.

### References

- Sravnitel’noe izuchenie civilizacij: Hrestomatiya / Sost. B.S.Erasov. M.: Aspekt Press, 2001. – 419 s.
- Luis B. Islam i Zapad. – M.: Izd-vo: Biblejsko-Bogoslovskij in-t sv. Apostola Andreyana, 2002. – 230 s.
- Fabitov T.H. Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі. – Алматы: Раритет, 2013. – 400 б.
- Starodub T.H. Musul’manskiy i srednevekovoy gorod//Gorod kak social’noe yavlenie. – M.: Nauka, 1995. – 351 b.
- Grabar O. The Formation of Islamic Art New Haven: Yale University Press, 1973. – P. 179.
- Bol’shakov O.G. Srednevekovyj gorod Blizhnego Vostoka. VII – XIII v. Social’no-ekonomicheskie otnosheniya. M.: Nauka, 1984. – 456 s.
- Mihajlova I.B. Srednevekovyj Bagdad. M.: Progress, 1991. – 216 s.
- Pugachenkova G.A. Sredneaziatskie sady i parki XV veka//G.A. Pugachenkova. Iz hudozhestvennoj sokrovishchnicy Srednego Vostoka. Tashkent, 1987. – 358s.
- Islam. Enciklopediyalıq anyqtamalıq. Алматы: “Аруна Ltd.” ZhShS, 2010. – 412 b.
- Arse Ignasio. Құрылыс тарихы бойынша екінші халықаралық конгресс, Квинс колледжі, Кембридж университеті; 29 / 03-02 / 04/2006. – 195-220 бб.
- Blum, Dzhonatan M; Bler, Shejla S.Oksford: Oksford universitetiniń baspasy, 2009. – 402 s.
- Montesk’e. O duhe zakonov//Antologiya mirovoj filosofii. V 4-h t. T.2. – M: Mysl’, 1970. – 776 s.
- Vanina E. Yu. Nekotorye aspekty gorodskoj kul’tury srednevekovoj Indii//Gorod kak sociokul’turnoe yavlenie istoricheskogo processa. – M.:Nauka, 1995. – 351s. – 186-193bb.
- Dzhayasi granthavali. Allahabad, (hindi), 1935. – S.18.
- Dvivedi X. (izd.) Kabir. Bombej, 1960. – S. 273 (hindi)
- A’i-1 Fail Allami. The Akbar Nama / Tr. by H. Jarrett Delhi, 1979. Vol. III. P. 366; NaikCA. Abdur-Rahim Khankhanan and His Literary Circle. Ahmadabad, 1966. – Pp. 463-466.
- Syrgakbaeva A.S. Filosofiya goroda. – Алматы: Әрекет-Print, 2007. – 243 с.
- Tvoreniya / Blazhennyj Avgustin; cost. i podgot. teksta k pechati S. I. Eremeeva. – Sankt-Peterburg: Aletejya; Kiev: UCIMM-press, 1998. / 1998. – Т.3. Кн. 1-13 : O grade Bozhiem. – 595 s. – 12-320 bb.
- Le Goff Zh. Civilizaciya srednevekovogo zapada. – M.: Progress, 1992. – 432 s. – 288-289 bb.
- Svanidze A.A. Torgovlya i kupechestvo: kontury “obshchestvennogo obmena veshchestv” zapadnoevropejskogo srednevekov’ya //Gorod v srednevekovoj civilizacii zapadnoj evropy. – Tom 2. – Zhizn’ goroda i deyatel’nost’ gorozhan.-M.: Nauka, 1999. – 338 s. – 8-26 bb.
- Gurevich A.A. Kategoriya srednevekovoj kul’tury. – M.: Mysl’, 1984. – 326 s. – 200-201 bb.